



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

27 қазан 2023 жыл

№: AIFC-C/CFI/2023/0036 ic

Талап қоюшы

ЕЛЕУСІЗОВ ТИМУР ЖАҚСЫБАЙҰЛЫ

Жауапкер

«АБН АЛЪЯНС», ЖШС
РЫСБЕКОВ НҰРЛАН ҚҰРМАШҰЛЫНА,
АЙДАРОВ БАЗАРҚҰЛ РАУШАНҰЛЫНА
қарсы

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:
Мәртебелі Лорд Фолкс КС

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2023 жылғы 24 қазандағы талап арыз нысанына сәйкес Талап қоюшы Сотқа Халықаралық төрелік орталықтың Төрағасы Томас Крюммель мырза 2023 жылғы 05 шілдеде ХТО-ның № 10/2023 Төрелік талқылауына қатысты жеке-дара төреші етіп тағайындаған Елена Нестерова ханым қабылдаған 2023 жылғы 16 қазандағы Төрелік шешімнің IV бөлігінде көрсетілген шараларды мойындау және орындау туралы бұйрық беру жөнінде өтінішпен жүгінді.

2. Төрелік шешімді оқып шығып, арыз негізделген деген пікірге келдім. Тиісінше, осы арқылы БҰЙЫРАМЫН:

"АБН Альянс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - Рысбеков Нұрлан Құрмашұлы мен Айдаров Базарқұл Раушанұлынан Елеусізов Тимур Жақсыбайұлының пайдасына 19 958 021 (он тоғыз миллион тоғыз жүз елу сегіз мың жиырма бір) теңге ынтымақты тәртіппен:

1) 18 958 021 (он сегіз миллион тоғыз жүз елу сегіз мың жиырма бір) теңге мөлшерінде негізгі борыш, сыйақы және тұрақсыздық айыбы сомасы;

2) 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде төрелік шығыстары

2023 жылғы 13 қараша, дүйсенбі, Астана қ. уақыты бойынша сағат 18:00-ден кешіктірілмей, яғни осы шешім мен бұйрық шығарылған күннен бастап 15 күннен кейін өндірітіліп алынсын.

3. Жауапкер осы бұйрық берілгеннен кейін 7 күн ішінде оның күшін жоюға өтініш беруге құқылы.

Сот қабылдады,

Мәртебелі Лорд Фолкс КС,

Судья, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшы өз мүдделерін өзі білдірді.

Жауапкер өз мүдделерін өзі білдірді.